

Н ТУЫ

ЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІ ЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ.

ноябрь Жұма

Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тыйын

Машина-трактор станциялары жұмысының жақсар- тылуы қамтамасыз етілсін, колхоз өндірісінің барлық сала- ларындағы еңбекті көп тілейтін жұмыстарды механикалан- дыру жөніндегі олардың жұмысы күшейтіліп, ауылшаруа- шылық дақылдарының шығымдылығы мен мал шаруашылы- ғының өнімділігі жөніндегі жоспарлардың орындалуына МТС- тердің жауапкершілігі арттырылсын.

(Партияның XIX съезінің директиваларынан).

ашылық
ғылықты

Тракторларды жөндеу жедел қарқынмен жүргізілсін



Графиктен озғандар

ен МТС-тердің жа- келесі жылдың көк- жөнінде күні осы імды ешнәрсе істе шіргісіз жағдай бо-

вет МТС-нің механи- торларды жұмысқа а берген кезде ғана ыйыл да аталған ыстары мейлінше қ- ізілуде. МТС өткен герді қайталап отыр- ары бескүндік гра- алмайды. Әлі күнге ынан небары жөндел арылды. Ал, жөнделу үні бүгінге дейін бір тпеген.

еснов МТС-інде де тракторларды жөн- айдан аса уақыт өт- і бір машина толық

ркін келесі жылдығ у ісіндегі мұндай есілді жою керек. ыет орындары ауыл- ыларының, трактор- ына күнбе-күн бас-

Бұл күндері Интернационал МТС-нің механизаторлары арасында тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын да- ла жұмыстарына тыңғылықты әзірлеу жо- лындағы социалистік жарыс кең өріс- алып, құлаш жаюда. Партияның XIX съезінің бесінші бесжылдық жоспар жө- ніндегі директиваларын оқып, талқылау үстінде алған көтеріңкі міндеттемелерін әрбір цех пен тораптың жұмысшылары аброймен орындап, еңбек өнімділігін есе- леп арттыруда.

МТС-те тракторларды жөндеу үлгілі технологияға сәйкес тораптық әдіс бойын- ша ұйымдастырылған. Барлық цехтар мен тораптарда жөндеу жұмысы қарқын- ды жүргізілуде. Олар тракторларды жөндеу- дің тағайындалған графигін мұқият сақ- тап отырады.

Кәзір МТС-те 12 трактор жөнделіп бо- ды. Олардың барлығы дерлік күрделі жөн- деуден өткен. МТС трактор жөндеу жөні- нен облыс бойынша бірінші орында келе- ді. Тағудағы күндерде механизаторлар үш тракторды жөндеуден өткізгелі отыр. Бұл мақсат толық жүзеге асырылса, трактор- ларды жөндеудің жылдық жоспарының

әрбір 15 аттық күші бар трактормен 750 гектар жер жұмыстап, үздік табысқа жет- кен болатын. Бригада механизаторлары партияның XIX съезінің қарарларына іс- пен жауап беруді көздеп, жөндеу жұмы- сын тыңғылықты жүргізуге міндеттенген- ді. Кәзір олар өздерінің ұлғайтылған мін- деттемелерін мінсіз орындап жүр. Олар станоктар мен жөндеу құрал-жабдықтарын тиімді пайдаланып, трактордың әрбір бөл- шегін ақаусыз сапалы жөндеуде.

Жөндеу жұмысында графиктен озған механизаторлар әлденешеу. Жөндеу торап- тары мен цехтары ынтымақтаса жұмыс істеп, бір-біріне көмектесіп отырады. Мы- салға электрмен жабдықтау торабын ала- ық. Мұнда магнето, динамо және басқа да электр механизмдері тез және сапалы жөнделеді. Бұл тораптың жөндеушісі И. Летковский сменалық тапсырманы үнемі 120 проценттен орындап жүр. Ол быйыл комбайнмен егін жыйнаудағы табысты еңбегі үшін Ленин орденімен наградалған болатын. Озат механизатор бұл жоғары награда қажырлы еңбегімен жауап беріп жүр.

МТС-те ауылшаруашылық машинала-

деуде механизаторлар социалистік жарыс туын жоғары ұстауда. Комбайншы Д. Пле- шеников егін жыйнауды үлгілі аяқта- ған-ды. Ал, кәзір ол жөндеу жұмысының озаттарының бірі. Әрбір сменада ол тап- сырманы артығымен орындайды.

МТС басшылары (директоры Горехов, бас инженері Дсвяков жолдастар) трактор- лар мен ауылшаруашылық машиналарын көктем егісіне үлгілі әзірлеуге қажетті жағдайдың бәрін жасаған. Тракторды жө- не ауылшаруашылық машиналарын тез және сапалы жөндеудің басты шарты— қосалқы бөлшектердің жеткілікті дайын- далуына байланысты болса, әрбір цех пен торапта бұл мәселе ойдағыдай шешілген. Механизаторлар қажетті бөлшектерді кезінде және қолма-қол алып отырады. Бұл жөндеу жұмыстарын тез және сапалы жүргізуге, тораптық әдісті ойдағыдай меңгеруге қолайлы жағдай туғызып отыр.

Партияның XIX съезінің қарарларымен жігерленген МТС коллективі социалистік жарыс туын жоғары ұстай отырып, Ста- линдік Конституция күніне дейін ауыл- шаруашылық машиналарының барлық тү- рі бойынша жөндеу жұмысының тоқсан-

Республикамызда

Ертістегі бүкілхалықтық құрылыс

ӨСКЕМЕН. (ҚазТАГ). Сталин атында- ғы Ленин орденді Ново-Краматорск маша- на жасау зауытының коллективі Өскемен СЭС-і құрылысшыларының рудалы Алтай- ға электр қуатын тез беруіне көмектесуде. Машина жасаушылар бесінші бесжылдық- тың жаңа құрылысын қуатты, маңдай ал- ды техникамен жабдықтады. Олардың жі- берген адымды экскаваторлары ертістіктер дің бетон заводтарын шикізатпен толық қамтамасыз етуіне мүмкіндік берді. Бірін- ші турбинаның 600 тонналық роторын жұ- мыс орнына түсіру 310 тонналық аса қуат ты екі кранның көмегімен орындалды. Бұл крандарды да новокраматорлықтар жасаған болатын. Конструкторлардың инициативасы бойынша бұл агрегаттардың бөлшектері шегелену орнына бірі-біріне жапсырылып бекітілді, мұның өзі әрбір кранның салмағын 18 тонна жеңілдетті.

Новокраматорлықтар өскемендіктердің заказдарын мерзімінен бұрын орындау жо- лындағы жарыстың кәсіпорындарында ке- цінен өрістегендігін СЭС құрылысшылары на хабарлады.

Өскемен СЭС-і —бүкілхалықтық құры- лыс. Оны салуға бүкіл совет елі қатысу- да. Совет Одағының 400-ге жуық заводы Ертіске машиналар, жабдықтар, материал дар жіберуде. Кузбасс металлургия тері Өске менге металл, ленинградтықтар — генера-

иналыстарынан

Даны

и мемлекет-
5 процент,
шошқадан

басшылары,
и аудандық
л қыстату
шіліктерден
Сондықтан
да қайтала-

ияси-бұқара-
жүргізілмеуі
е еңбек тәр-
шай қойған
басшылары
қ жұмыста-
н мәлімет
тіпті бұрма
ныстарының
дың 78-ақ
еңбек тәр-
дәлелдейді.
ния комите-
Совет атқо

а әлі де
шылық жа-
кәне совет
ің көпші-
казумен өте
ындағы са-
алуын тек-
ейді. Міне,
ш партия
және пар-
сесі төмен
ұйымында-
айына то-

Даны

оздың егін-
бесжылдық
артығымен

Баяндама бойынша жарыссөзге шығып сөйлеген жолдастар шаруашылық және партия жұмысында орын алған кемшіліктерді ашты. Олар аудандық партия комитеті мен аудандық атқару комитеті колхоздардың, совхоздар мен МТС-тердің экономикасына өршапан көңіл бөліп, оны терең зерттегенін, практикалық көмектің кем болғанын айтты.

Молотов атындағы колхоздың председатели Лсбач жолдас аудандық партия комитеті мен аудандық Совет атқомі колхоздарға басшылықты жарамсыз әдіс, өкілдер жіберу әдісі арқылы жасайтындығына тоқталды. Бізге аудан мен облыстан, деді ол, өкілдер көптен келеді. Бірақ, олардың көпшілігі колхоз басқармасының жұмысына орынсыз араласып, іске пайда келтірмейді.

Ильич атындағы МТС-тің директоры Букатин жолдас облыстық ауылшаруашылық жабдықтау бөлімінің басшыларын колхоздар мен МТС-терді қажетті материалдармен жеткілікті қамтамасыз етпейтіндігі үшін сынады.

Явленка совхозы партия ұйымының секретары Матвиенко жолдас өзінің сөзінде совхоз кадрларын іріктеп алу және тәрбиелеу жұмысын жақсартудың қажеттігіне тоқталды. Ол совхоздар тресі көп реттерде кадрларды саяси және іскерлік қаблетіне қарай іріктеп алу жөніндегі принципті қатаң сақтамайтындығы туралы фактілер келтірді.

Жарыссөзде барлығы 13 адам сөйледі. Партия активінің жыйналысы Совет Одағының Коммунистік партиясының XIX съезінің қарарларын бірауыздан мақұлдады және оны жүзеге асыру жөнінде нақтылы шаралар белгілеп, қаулы алды.

социалистік жарыстың кең өріс алғандығына тоқталды.

Молотов атындағы колхоз партия ұйы-



Петропавлдың балалар поликлиникасында ауруларды электр жарығымен емдейтін арнаулы бөлме жұмыс істейді.

СУРЕТТЕ: қаладағы № 4 бастауыш мектептің I-класс оқушысы Ж. Құсайынованың электр жарығымен емделіп отырған кезі. Суретті түсірген А. Розенштейн.

Еңбекшілерге қамқорлық

Біздің елімізде еңбекшілердің денсаулығын сақтау мәселесіне партиямыз бен үкметіміз үнемі зор көңіл бөліп келеді. Соның нәтижесінде ауыл-селолардағы денсаулық сақтау орындары үздіксіз артып, олар медициналық қызметкерлермен толықтырылып отырады.

Мәселен, бір ғана Мамлют ауданында көзір фельдшерлік-акушерлік 14 пункт, дәрігерлік екі участок, аурухана, әйелдер және балалар консультациялары бар.

Екі бүркіт ұстады

Октябрь ауданындағы Ленин атындағы

Кореядағы оқыйғалар

Халық Армиясы Бас Командованиесінің хабары

ПХЕНЬЯН, 19 ноябрь. (СОТА). Корея Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиесі бүгін былай деп хабарлады:

Өткен күні Халық армиясының құрамалары Қытай халық өріктілері бөлімдері-

мен бірлесе отырып, майданның жекелген участоктерінде жергілікті маңызы бар ұрыстар жүргізді.

Бүгін зенит бөлімдері және жау самолеттерін атқыштар дұшпанның 5 самолетін атып түсіріп, 8 самолетін зияндады.

Американдық әуе жыртқыштарының Кореядағы ақандықтары әлі тоқтаған жоқ

ПХЕНЬЯН, 19 ноябрь. (СОТА). Бүгін күндізгі сағат 12-де американдық бір топ самолет Пхеньян қаласын бомбалап, сұрыпыл атқылады. Бір сағатқа созылған шабуыл кезінде американдық самолеттері қалаға және оның төңірегіндегі жерлерге көптеген бомба тастады. Әсіресе, Пхеньяанның

батыс жақ аймағына көп бомба тасталды. Шабуылдың салдарынан бейбіт адамдардың ішінде қазаға ұшырағандары бар. Көптеген тұрғын адамдар, әсіресе, әйелдер мен балалар ірі калибрлі пулеметтердің оғына ұшты.

АМЕРИКАН ИМПЕРИАЛИСТЕРІ ТАЙЛАНДЫ АҚШ-ТЫҢ ӘУЕ-СОҒЫС БАЗАСЫНА АЙНАЛДЫРУДА

ДЕЛИ, 19 ноябрь. (СОТА). Сенімді мәліметтерге сүйене отырып, «Дели таймс» газетінің арнаулы тілшісі үстіміздегі жылдың август айының орта кезінде АҚШ пен Тайланд арасындағы келісімге қол қойылғандығын хабарлады. Ол келісім бойынша Құрама Штаттар Тайландтың жерінде әуе-соғыс базаларын салуға право алған. Бұл келісімнің, деп атап көрсетеді тілші, барлық жағдайы бірдей белгілі емес. Алайда, Тайландтың қорғану министрлігіне жақын топтардың мәліметтеріне қарағанда, соғыс құрылысы жөнінде АҚШ-қа көп жеңілдіктер берілген. 1951

жылдың бас кезінде Чонбури, Проджет-Кирикан, Суракан, Суратни, Писсаннулок аудандарында және басқа жерлерде аэродромдарды нығайту жөнінде жұмыстар басталған болатын. Соңғы келісім бойынша Чиенгмай, Қорат, Сонгкла және Чайтабури аудандарында жаңа соғыс аэродромдарын салуды бастау көзделіп отыр.

Келісімде барлық құрылыс жұмыстарының американдық мамандардың басшылығымен жүргізілуге тиіс екендігі атап көрсетілген. Құрама Штаттар Тайландқа «техникалық көмек» ретінде құрылысқа қаржы беріп отырады.

АҚШ-ТЫҢ СЫРТҚЫ САУДА САЯСАТЫНА ҚАРСЫ ГОЛЛАНДИЯДАҒЫ НАРАЗЫЛЫҚ

ГЛАГА, 18 ноябрь. (СОТА). «Хет пароль» газетінің хабарына қарағанда, «баға және сауда жөніндегі жалпы келісімге» қатысушы елдердің (Гатт) Женевада жуырда болып өткен конференциясында американдықтардың голландық импортқа шек қоюшылығына қарсы жауап шаралар қолдану жөнінде Голландия право алған. Газет бұл мәселені Голландия кө-

голландық сырды апару жөнінде болып отыр. Конференция мәжілістерінде қаралған күн тәртібінің 10 пунктінен 3 пункт АҚШ-тың әрекеттеріне шағым жөнінде болғандығын хабарлайды газет.

«Де ваархейд» газеті АҚШ-тан оралған голландиялық ауылшаруашылық делегациясының өкілдері АҚШ-тың біржақты саясатына қарсы болғандығын хабар-

қарсы алумен бірге, оны жүзеге асыру күресін тыңғылықты ұйымдастырып отырғандығын айтты. Стопенко жолдас аудандық оқу бөлімінің жұмысын сынады. Аудандық оқу бөлімінің совхоз кадрларының жалпы білімдерін көтеругіне, демек, совхозда кешкі мектеп ұйымдастырып, совхоз жұмысшылары мен қызметші

комитетінің нақтылы басшылығы болмап отырғандығын және бұл іске аудандық ауылшаруашылық бөлімі басшыларының мүлдем жауапсыз қарап келгендігін әділ сынады. Осының салдарынан маман кадрлардан бірнеше адамның тіпті күнбе-күнгі саясаттан да мүлде артта қалғандығына фактілер келтірді.



Қалалық Советтің сессиясы

Жуырда еңбекшілер депутаттары қалалық Советінің кезекті VIII сессиясы болды. Сессияда қала денсаулық сақтау орындарының 1951 — 1952 жылдар ішіндегі жұмысы туралы қалалық денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі, депутат Чаева жолдастың есеңті баяндамасы тыңдалды.

Баяндамашы партиямыздың XIX съезі директиваларын, съездің қорытынды мәжілісінде Сталин жолдастың сөйлеген тарихи сөзін және съезд қарсаңында жарияланған «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген Сталин жолдастың даңыпандық еңбегін бүкіл совет халқымен бірге, қала денсаулық сақтау орындары қызметкерлерінің аса зор құнышпен қарсы алғандығын айтты. Бұдан кейін ол бұл документтердің денсаулық сақтау орындары коллективтерінің еңбекке деген ынта-жігерлерін арттырып, саяси және өндірістік белсенділіктерін өрістеткендігіне тоқталды.

—ССРО-ны өркендетудің 1951 — 1952 жылдарға арналған бесінші бесжылдық жоспары жөніндегі директиваларында, — деді баяндамашы, — партия мен үкметіміздің және кеменгер көсеміміз Сталин жолдастың адамның өміріне, денсаулығына деген қамқорлығы тағы да айқындала түсті.

Жаңа бесжылдықта халықтың денсаулығын сақтау ісін жақсарту үшін ауруханалардың, диспансерлердің, әйелдер босаңатын үйлердің, санаторийлердің, дем-

алыс үйлерінің, балалар яслилерінің, балалар бақшаларының санын бұрынғыдан да көбейту көзделіп отыр. Бұл орындарды ең жаңа медициналық құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету шаралары белгіленген. Бесжылдықтың ішінде дәрігерлердің санын көбейтіп, олардың білімін, іскерлік мамандығын арттыру қарастырылған. Денсаулық сақтау орындарын дәрі-дәрмекпен жабдықтау міндеті қойылған. Міне, мұның барлығы біздің елімізде адамға деген аса зор қамқорлықты сыйпаттайды.

Бұдан кейін баяндамашы қалалық денсаулық сақтау орындарының бірқатар іс-тетен жұмыстарымен бірге, оларды орыен алған кемшіліктерге тоқталды. Денсаулық сақтау орындары қызметкерлерінің тұрақтандырылмағандығына, кейбір дәрігерлердің өз ісінің мамандығын меңгеруге ұмтылмағандығына, олардың идеялық-теориялық білім дәрежелерін арттырумен шұғылданбайтындығына фактілер келтірді.

Қала еңбекшілері арасында денсаулық сақтау мәселесіне байланысты тақырыптарда баяндама жасау ісінің тәрбиелік зор маңызы бар. Ал, бұл істің жайы өз дәрежесінде емес. Дәрігерлер Черепов, Нефедов, Кролевец, Коваль жолдастар жы бойында еңбекшілер арасында бірде-бір рет баяндама жасаған жоқ. Мұның өзі аталған дәрігерлердің өздеріне жүктелген тапсырмаға жауапсыз қарайтындықтарын көрсетеді.

Актив жыйналысы партияның XIX съезінің қарарларын терең талқылау, сын мен өзара сынды кең өрістету жағдайында өтті. Коммунистер съезд қарарларын бір-ауыздан мақұлдап, оларды жүзеге асырудың нақтылы шараларын белгіледі.

Дәрігер Меньшикова жолдас баяндама бойынша бірінші болып сөз сөйлеп, қала денсаулық орындарының кейбір қызметкерлерінің еңбекшілерді санитарлық жағынан қамтуда өздеріне жүктелген міндетті орындамай, оған жауапсыз қарайтындықтарын барып сыға алды. Ол дәрігер Кувшинов жолдастың емханаға келген адамдарға дереу көмек көрсетпейтіндігін, мұндай әдеттің дәрігер Федорова жолдасқа да бар екендігін атап көрсетті. Темір жол емханасының дәрігері Алешин жолдас темір жол бойындағы жұмысшылар поселке сінде аптектің жоқтығын, бұл жөнінде қалалық Совет пен қалалық денсаулық сақтау бөлімінің алдына бірнеше рет мәселе қойылса да, оның әлі күнге шешілмей келе жатқандығын айтты.

Қалалық оқу бөлімінің меңгерушісі Бергельсон жолдас денсаулық орындарының мектеп балаларына көрсетіп отырған санитарлық көмегіндегі кемшіліктерді айтып, бұл жөнінде бірқатар фактілер келтірді. Ол қалалық денсаулық сақтау бөлімінің дәрігерлердің жұмысына нақтылы басшылық жасамай келгендігін сынады. Жарыс-сөзде сөйлеген Редкин, Кателанская, Бриулин, Нефедов және басқа жолдастар қалалық денсаулық сақтау бөлімі жұмысындағы кемшіліктерді және бұл бөлімге қалалық Советтің жеткілікті басшылық жасамай отырғандығын әділ сыға алды.

Сессия қалада денсаулық сақтау жұмысының жайын жақсартудың нақтылы шараларын белгілеп, қаулы алды.

ланған болатын. Қалалық партия комитеті тексеріс жүргізгенде мақалада көрсетілген фактілер анықталды.

Тексерістің қорытындысы осы жылғы 12 ноябрьде қалалық партия комитетінің бюро мәжілісінде қаралып, базар басқармасының директоры Петров және бастауыш партия ұйымының секретары Коротких жолдастар орнынан алынды.

ҚКП қалалық комитеті базар басқармасының жұмысын жақсартуға бағытталған шаралар белгілеп, қаулы алды.

В. АРТЕМЬЕВ,

ҚКП қалалық комитетінің секретары.

Жарияланбаған хаттың

дегеі

„Оқу үйінің жұмысы жақсартылса екен“

Редакцияға түскен, газетке жарияланбаған осы тақырыпты тілші хатында Совет ауданының орталығындағы оқу үйінің жұмысындағы елеулі кемшіліктер атап көрсетіліп, онда қазақ тіліндегі кітаптар өте аз екендігі, оқу үйінің меңгерушісі Жолудева жолдастың кітап оқушыларының тілегіне сай қызмет ете алмай келгендігі жөнінде айтылған болатын.

Совет аудандық мәдени-ағарту бөлімі редакцияға, тілші хаты бойынша тексеріс жүргізіліп, онда көрсетілген фактілер толық анықталғандығын, оқу үйінің жұмысын жақсарту жөнінде бірқатар шаралар қолданылғандығын хабарлады. Оқу үйінің кітап қорын көбейту мақсатында қазақ тілінде жаңадан 200 кітап сатып алынған. Өз жұмысына жауапсыз қарағаны үшін оқу үйінің меңгерушісі Жолудева жолдасқа сөгіс беріліп, кітап оқушыларды кітаппен тыңғылықты қамту үшін қазақ бөлімінен кітап оқушыларға кітап жіберіп тұруға Н. Бейсенбаева жолдас тағайындалған.

| | | |
|--------|------|--------|
| 080508 | 18*) | 1.000 |
| 080805 | 1—50 | 200 |
| 080820 | 31*) | 1.000 |
| 081111 | 23*) | 1.000 |
| 081244 | 1—50 | 500 |
| 081298 | 05*) | 10.000 |
| 081407 | 1—50 | 200 |
| 081496 | 23*) | 1.000 |
| 081521 | 1—50 | 200 |
| 081914 | 1—50 | 500 |
| 081965 | 20*) | 1.000 |
| 082133 | 1—50 | 200 |
| 082150 | 39*) | 5.000 |
| 082245 | 20*) | 1.000 |
| 082432 | 22*) | 1.000 |
| 082480 | 26*) | 1.000 |
| 082643 | 1—50 | 500 |
| 082768 | 06*) | 10.000 |
| 082792 | 40*) | 1.000 |
| 082878 | 09*) | 1.000 |
| 082936 | 04*) | 1.000 |
| 082945 | 1—50 | 200 |
| 083064 | 05*) | 1.000 |
| 083137 | 1—50 | 500 |
| 083158 | 1—50 | 200 |
| 083226 | 1—50 | 200 |
| 083257 | 1—50 | 200 |
| 083261 | 32*) | 1.000 |
| 083604 | 25*) | 1.000 |
| 083684 | 24*) | 1.000 |
| 083774 | 1—50 | 200 |
| 080805 | 1—50 | 200 |
| 083870 | 03*) | 1.000 |
| 083953 | 12*) | 1.000 |
| 084073 | 08*) | 1.000 |
| 084096 | 19*) | 1.000 |
| 084164 | 1—50 | 500 |
| 084502 | 16*) | 1.000 |
| 084738 | 43*) | 1.000 |
| 084827 | 36*) | 5.000 |
| 084913 | 34*) | 1.000 |

*) Осы сериядағы.

«УДАРНИК»

«ГЛАД

Сеанстар сағат 4

Касса сағат 3-тен

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редакция және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп- транспорт және тілшілер бөлімдері—1-33-2, корректорлар бюросы— 4-39, Газет баспасы — 0-22, газет табы